

Бекітемін

№29 «Ай Керім» бөбекжай

бақшасының меңгерушісі

К.К. Сейдалиева

АШЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ

Тақырыбы: «Ғажайып түстер»



«Балапан» І-кіші тобы

Тәрбиеші: А.А.Қасымбекова

Шымкент 2023ж

Ашық ұйымдастырылған оқу - іс әрекеті.

Тобы: “Балапан” кіші тобы.

- Сенсорика дамыту.
- Физикалық дамыту.
- Коммуникативтік дағдыларды дамыту.
- Танымдық және зияткерлік дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту.

Өтілетін уақыты: 09. 02. 2023жыл.

Тақырыбы: “Ғажайып түстер”

Мақсаты: Балаларды түрлі – түсті гүлдерді сәйкес құмырасына орналастыруға, түрлі – түсті түймелерді түсіне қарай қадауға, доптарды түсіне қарай қорапқа салу. Түрлі – түстерді ажыратуға, сөздік қорларын молайту және тапқырлыққа үйрету.

Көрнекіліктер: Қуыршақтың киімдері және түрлі – түсті құмыралар.

	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс әрекеті
	Шаттық шеңбері Сәлем, сәлем Шапалақ соғайық Сәлем, сәлем Шапалақ соғайық Көкке көтеріліп Аяқты ұстап Айналып тұрайық Сәлем жолдайық Сәлем деймін апайға Қонақтарға достарға! Сәлем!	Шаттық шеңберін орындайды.
Мотивация қозғаушылық	Жарайсындар балалар! -Балалар қарандаршы мұнда біреу жүрген сияқты. Ғажайып сәт Қуыршақ Дана: Сәлеметсіңдерме балалар?! Тәрбиеші: Ой балалар қарандаршы бізге қонаққа қуыршақ Дана келіпті. Сәлеметсіңбе қуыршақ Дана Қуыршақ Дана: Балалар мен мұнда келе жатып түрлі – түсті әсем гүлдерді көрдім.	Балалар таңдана қарайды. Сәлеметсізбе

Бірақ мен түстерді білмегендіктен гүлдерді құмыраларға сала алмай жатырмын! Сондықтан көңіл күйім болмай тұр.

Тәрбиеші: Қуыршақ Дана сен мұңайма. Балалар біз қуыршаққа көмек беремізбе?! Қане олай болса гүлдерді жинауға барайық.

Ойын: “Гүлдерді жинау”

Мақсаты: Түрлі – түстер туралы білімдерін кеңейту. Ойлау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар!

Қуыршақ Дана: Қандай ақылды балалар!

Менің көңіл – күйім көтеріліп қалды.

Рақмет сендерге балапандар.

Балалар менің сендерге тағы бір өтінішім бар.

Тәрбиеші: Ол қандай өтініш қуыршақ Дана?

Қуыршақ Дана: Менің түрлі – түсті жейделерім бар. Бірақ мен түймелерін шашып үзіп алдым. Енді түстерін сәйкестендіре алмай отырмын!

Тәрбиеші: Қуыршақ Дана біз балалармен саған көмектесейік. Балалар Қуыршаққа түймелердің түстерін ажыратып, жейделеріне қадап беремізбе?!

Ойын: “Түрлі түсті түймелер”

Мақсаты: Балаларға геометриялық – пішіндерді үйрету, түстерін ажырату және жылдамдыққа үйрету.

Жарайсындар балалар!

Қуыршақ Дана: Балалар мен сендердің көмектеріңмен түрлі – түстер мен пішіндерді үйреніп алдым. Сендерге алғысым шексіз!

Тәрбиеші: Балалар шаршамадыңдарма?! Қане онда бойымызды бір сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Көк аспаннан қуат алып

1, 2, 3

Иә деп қуанады.

Ойынды қызыға ойнайды.

Гүлдерді құмыраларға жинап шығады.

Тыңдайды.

Жанашырлық танытып, иә деп жауап беріп түстерді орналастырады.

Сергіту сәтін орындайды.

Сары күннен жылу алып 1, 2, 3 Ағаштардай жасыл шайқаламыз 1, 2, 3 Қызғалдақтай ыргаламыз 1, 2, 3 Жарайсындар балалар! Қуыршақ Дана: Балалар менің сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Менімен ойнайсындарма? Ойын: “Доптарды жинау” Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа үйрету. Құтыларға сәйкес түсті доптарды орналастыру. Жарайсындар балалар! Орнымызға жайғасайық. Қуыршақ Дана: <u>үйіне қайтамын дейді.</u> Қуыршақ Дана: Балалар рақмет сендерге мен енді түстерді ұмытпаймын. Сау болындар! Тәрбиеші: Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді? Түрлі – түстер жайлы ойындар ұнадыма сендерге? Айша түрлі – түстер туралы тақпақ айтамын деп жатыр. Сонымен бүгінгі ойын – оқу іс – әрекетімізді аяқтайық. -Балалар келген қонақтармен қоштасайық!	Иә. Доптарды түстеріне қарай орналастырады. Балалар қимай қоштасады. Қуыршақ. Иә. Тақпағын айтады. Сау болыңыздар.
--	---

Күтілетін нәтиже.

Білуі қажет: Балалар түстерді атап, ажырата алуы қажет.

Қалыптасқан түсініктер: Табиғатта әр алуан түстер болатынын түсінеді.

Орындаушылық қабілеті: Түрлі – түсті доптарды түсіне қарай дұрыс орналастырады. Киімдерге түрлі – түсті түймелерді қадай біледі. Түрлі – түсті құмыраларға өз түстеріне сай гүлдерді жинайды.



